



ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫ
ОРТАҢҒЫ ТОП
ҚИМЫЛДЫ ОЙЫН
КАРТОТЕКАЛАРЫ

Картотека №1

« Айгөлек »

Мақсаты: балаларды шапшандыққа, ұйымшылдыққа үйрету.

Ойын көгалда, алаңда өтеді. Ойнаушылар көп болса, ойын соншалықты қызық өтеді.

Ойнаушылар тең болып екі топқа бөлінеді де арасы 15-20 адымдай қарама-қарсы екі сызықтың бойына қатарға тұрады. Екі жаққа кере созылған бірінің қолдарынан бірі ұстайды.

Ойын жүргізуші екі топтың біреуіне кезек береді.

Олар барлығы бірге көтеріңкі дауыспен өлеңдетіп:

*Айгөлек-ау, айгөлек, Айдын жүзі дөңгелек
Темірішіден дем шығар, Үзеңгіден тер шығар
Ақ терек пен көк терек, Бізден саған кім керек?*

Екінші топтың ойыншылары жауап береді.

*Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек
Темірішіден дем шығар, Үзеңгіден тер шығар
Ақ терек пен көк терек, Бізге мұнда Айдос керек.*

Аты аталған бала жүзгірген бетімен шақырған қатардағы ойыншылардың қолдарын жаздырып бұзып өтуі керек.





Картотека № 2
Допты қуып жет.

Ойын шарты: Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады.

Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.

Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салады.

Керек құралдар: Түрлі түсті доптар
Педагог кімнің қандай доп әкелгенін жариялайды:

*Картотека №3
Аюдың апанында»*

Мақсаты: балалардың сөздік қорын дамыта отырып, қимыл-қозғалыс іскерліктерін жетілдіру.

Ойын шарты: Бір бала бөлме ортасында орындыққа отырады. (аю) Қалған балалар бөлме ішінде ақырын жайлап басып, төмендегі өлең жолдарын қайталайды:

Әне аюдың апаны, жатыр онда дәу аю.

Жайлап басып барайық,

саңырауқұлақ, бүлдіргенді,


Білдіртпей біз алайық.

Ұйықтап жатқан аюды,

оятып біз алмайық.

Соңғы өлең жолдарын айтқан кезде аю,

оянып кетіп балаларды ұстау үшін қуады.



Картотека № 4
Мазан қарай жүгіріңдер.

Ойын шарты: Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарда немесе алаңды жазалай отырады.

Тәрбиеші бөлменің қарсы бұрышына немесе алаңның ең алыс бұрышына барып:

«Мазан қарай жүгіріңдер», - дейді. Балалар оған қарсы жүгіреді. Тәрбиеші оларды қолын жайып қарсы алады. Балалардың бәрі келіп, тәрбиешінің қасына жиналып болғаннан кейін, ол серуендеуді ұсынады.

Балалар өздері жүргісі келген жерде емін-еркін тәрбиешімен бірге бөлме ішінде жүреді.

Тәрбиеші бұдан кейін: «Үйге қарай жүгіріңдер» - дейді. Балалар жүгіріп барып орындықтарына отырады.



Картотека №5
«Қасқырлар мен лақтар»

Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.

Ойын мазмұны: Аралары 10-15 адым қашықтықта « қора » мен « өріс » сызылады.

Ойнаушылар үйлерінде тұрып:

Бөрте, бөрте, бөрте лақ,

Бөрте лақ тым ерке лақ

Кетесің кейде секеңдеп,

Байламаса көкем кеп - деген сөздерден

Кейін дүрсілдей жүгіріп « өріске » беттейді.

Оларды алаңның ортасында тұрған 2-3 қасқыр қуып береді. Қолға түскендер ойыннан шығып қалып келесі кіреді. Қасқырлар ұсталмаған балалардан сайланады. Осылайша ойын жалғасады.



Картотека № 6
Сұр қоян жуынады.

Мақсаты: Қимыл қозғалыс қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.

Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады.
Қоян болған бала ортаға шығады.

Балалар: Қоян, қоян тұршы,

Беті, қолды жушы

Айнаға қарашы

Шашыңды тарашы

Енді бізді қушы.

Қоян қимылмен көрсете отырып жасап, тұрады.

Енді бізді қушы дегенде, балаларды қуа жөнеледі.

Ойын 4-5 рет қайталанады.





Картотека №7

« Қаздар »

Мақсаты: Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру.

Керекті құралдар: (сырнай немесе сылдырмақ).

Ойын мазмұны: Қысқаша әңгіме, қаз өте сақ құс, ол балапан шығарған кезде, ата қаз балапандардың соңында жүреді. Егер қауіп төнсе, ана қаз екеуі екеулеп балапандарын қорғайды. Қаздар көк шалғында шөп жейді. Барлық балаларға сырнай үлестіріліп, ішінен ата қаз белгіленеді. Балалар шалғында жайылып жүрген қаздарды бейнелеп, баяу сырнай тартады. Тәрбиеші белгісімен қауіп төнгенде, ата қаз сырнайды қатты 2-3 рет тартып белгі береді. Осы кезде балалар қанат қазып жүргіріп барып, ана қаздың жанына жиналады.

Ойын қайталанып, ата қаз сайланады.





Картотека № 8
Қайда жасырылғанын тап

Мақсаты: Балаларды қырағылыққа,
байқампаздыққа үйрету,
бірлікке, татулыққа тәрбиелеу

Шарты: Балалар бөлменің бұрышында
тұрады.

Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады.
Балалар теріс қарап көзін жұмады, тәрбиеші
жалаушаны тығып қояды да «болды», деген де
балалар жалаушаны іздейді.

Тапқан бала жалаушаны тығады.
Ойын 2-3 рет қайталанады.



Картотека № 9
« Аюлар мен аралар »

Ойын мазмұны: Омарта алаңның бір жағында болады. Бір шетте аюдың, араның үңгірі.

Ойыншылар тең емес екі топқа бөлінеді.

Көпшілігі бал аралары. Белгі бойынша аралар омартадан ұшып шығып бал іздеп, шалғынға қарай ұшады. Олар ұшып кетісімен аюлар омартаға жармасып бал жейді.

Тәрбиеші: « Аюлар! »-дегенде аралар омартаға қарай ұшады, ал аюлар үңгіріне қашады.

Үлгере алмаған аюды аралар шағып алады.

Ара шаққан аюлар келесі ойынға қатыспайды.



Картотека № 10

Ұстап ал!


Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Шарты: Балалар алаңда тұрады. Тағайындап алынған ұстағыш-бала ортада тұрады.

«1-2-3, ұстап ал!»- деген белгі бойынша, балалар ұстағыштан қаша жөнеледі, ұстағыш болса біреуін ұстап, қолын тигізеді.

Кімді ұстайды, сол аланның шетіне барады.

Ұсыныс: ойынның басқа түрлерін пайдалануға болады: «Қуып жет те, ұстап ал», «Ұстап ал, шеңберде» т.б.





Картотека № 11
«Көжсектер мен түлкі»

*Мақсаты: балаларды шапшандыққа,
ұйымшылдыққа үйрету.*

*Ойын шарты: Бір бала түлкі болып сайланады,
қалған балалар көжсек бет пердесін киіп, дөңгелене
отырады.*

Ойын жүргізуші:

*Көжсектерім тұршы, беттеріңді жушы
Ну орманға барайық, тамақтанып алайық.*

Қоян: Жалмандаған қу түлкі, келіп қапты орманнан.

Көжсектерім қайда?-деп ,еріп келеді соңымнан.

*Көжсектер ән ырғазымен секіріп, қаша жөнеледі,
түлкі қуады.*



Картотека № 12
Ұшатын құстар

Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарын салыстыра білуге үйрету және қырағылыққа тәрбиелеу, құстар сияқты ұша білу қабілеттерін бақылау, тәрбиешінің берген белгісін тиянақты тыңдай білуге үйрету.

Шарты: Алаңның бір жағында құстар ұшып жүреді. Тәрбиеші құстар ұшты дегенде, қанаттарын желпіп алаңда құстар ұшады.

Тәрбиеші дауыл соқты дегенде құстар ұшып барып қабырғадағы сатыларға шығып алады, ал тәрбиеші дауыл басылды дегенде сатыдан түседі де ұшуларын жалғастырады.

Картотека № 13
Торғайлар мен автомобиль»

Мақсаты: балалардың зейінің дамыту, шапшандыққа үйрету.

Ойын шарты: Балалар бөлменің немесе аланның бір жазында отырады.

Олар ұяларында отырған торғайлар.

Бір бала автомобиль бейнелейді. (аланның қарама-қарсы жазында)

Тәрбиеші: «Жол жүріп ұшып кеттік, торғайлар»-деген сөзіне, балалар жүгіреді, құстар сияқты қанаттарын қазып.

Біраз уақыт өткен соң: «Байқандар, автомобиль келе жатыр»-дейді.

Балалар (торғайлар) ұяларына ұшып бара





Картотека № 14

Қоңырау қайдан естіледі?

Мақсаты: Балалар қабырғаға беттерін беріп тұрады. Күтуші апай бөлменің басқа бір шетіне тығылып тұрады да қоңырау соғады.

Тәрбиеші балаларға: «Тыңдаңдар, қоңырау қайдан соғылып тұр, қоңырауды табыңдар», - дейді. Балалар қоңырауды тапқан кезде, тәрбиеші оларды мақтайды, одан кейін балаларға тазы да қабырғаға беттерін беріп тұруды ұсынады.

Күтуші апай басқа жерге тығылады да қайтадан қоңырау соғады.

Картотека № 15

Жасыл қияр»

***Мақсаты:** балалардың тіл байлығын
дамыту, ұйымышылдыққа үйрету.*

***Ойын шарты:** Балалар шеңбер бойымен айнала
жүреді. Ал ортада орындықта тышқан ұйықтаған
болып бір бала отырады.*

Балалар төмендегі өлең жолдарын айтады:

Қияр, қияр, қиярлар

Алысқа кетіп қалмандар.

Ұйықтап жатыр дәу тышқан

Оятып қәне алмаңдар!

*Оянған тышқан балаларды қуа жөнеледі,
кім ұсталса сол тышқан болады.*



Карточка № 16
Жел көбік ойыны


Мақсаты: Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.

Көпіре гөр көбік-шар,
Көпіре гөр кеңіп шар.
Осы күйі қал тұрып,
Кете көрме жарылып.

Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі.

Тәрбиеші: «Жел көбік жарылды» деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. «Тарс етті», - дейді де тізерлеп отыра кетеді.

Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.



*Картотека №17
«Айдаһардың құйрығы»*

Мақсаты: Балалардың дене қимылдарын жетілдіре отырып бірлесе қимылдауға, ауызбіршілікке жетелеу.

Ойын шарты: Ойынға қатысушылар бірінің артынан бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған адам – «айдаһардың басы».

Ең соңғысы - «құйрығы» болады.

Ойын кезінде көңілді музыка қойылады.

«Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады. Оның мақсаты – ұстап алу,

«құйрықтың» мақсаты – ұстатпау, қайткенде де қашып құтылу.

Егер «құйрық» ұсталып қалса, ол - «бас» болады.

Ойын өз жалғасын табады.



Картотека № 18
«Көлеңке»

Мақсаты: балалардың қимыл-қозғалыс, ойлау қабілетін дамыту

Ойын шарты: Көлбең-көлбең көлеңкем,

Көлбеңдеген көлеңкем.

Аю қалай жүреді,

Кім көрсете біледі?

Айнұр шығып сен көрсет.

Тәрбиеші балаларды кезектен атап, ортаға шығарып түрлі жануарлардың жүрісін салып көрсетуді сұрайды.





Картотека № 19
« Қарлығаш »

Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдыққа, ұйымшылдыққа үйрету.

Ойын шарты: Бұл ойынды өткізу үшін міндетті түрде дөңгелек қажет.

Одан кейін «қарлығашты» және «күзетшіні» таңдайды, қарлығаш дөңгелек ортасында отырады, ал күзетші басқа ойыншылардың шабуылынан қорғап жүреді.

«Күзетші» шабуылдың біреуін ұстап алуға тырысады.

Егер ол тырысып, ойыншының біреуін ұстап алса, ол «күзетші» атанады.

Картотека № 21
Қимылды ойын: «Аңшы»

*Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа,
ұйымшылдыққа үйрету.*

*Ойын шарты: Балалардың қалауы бойынша
ортаға аңшы н/е кез –келген жануарлардың
біреуі аталады.*

Балалар шеңбер құрып тұрады.

*Аң қашады, ал аңшы соңынан қуып ұстап
алуға тырысады.*

*Балалар қолдарын көтеріп, анды шеңбер ішіне
кіргізіп алып, ал аңшыны кіргізбеуге тырысу
қажет.*

*Ойын балаларды алмастырып отыру арқылы
жалғаса береді.*



**Дидактикалық
ОЙЫНДАР
КАРТОТЕКАСЫ
Ортаңғы топ**





«Сикырлы дорба»: №1

Мақсаты:

Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету,
заттарды тануға баулу.

Ойын барысы:

Тәрбиеші балаларға таныс ойыншықтар мен
заттарды жәшікке жинайды.

Балаларға менде бір сикырлы дорба бар онда не бар екен дейді.

Кәне көрейік! Бір ойыншықты алып шығып, мынау не дейді?

Балалар заттың атын атайды. Кейін жұмбақтарды шешуге болады.

«Ажырата біл»: № 2

Мақсаты:

Баланың тілін жетілдіру мен дұрыс сөйлеуге, баулуға
арналған бұл ойында табиғат құбылыстарымен байланыстыра
отырып, жемістердің өсуін, пісіп жетілуін таныстыру
арқылы, логикалық ойлау, білуге құштарлық сияқты
қасиетін қалыптастыру.

Шарты:

Балалар жемістердің түсін, пішінін және неге ұқсайтынын
сипаттап беріп, өз орнына орналастырады.



«Допты ұста» №3

Максаты: Балаларды ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу.
Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.

Шарты:

Ойынға 3 бала қатысады.

Екеуі 3 метрдей қашықтықта тұрып, бір-біріне допты лақтырады.
3-ші бала екеуінің ортасынды тұрып, төбесінен ұшып бара
жатқан допты ұстап алса, допты лақтырған баланың орнына
барып, тұрады, ал бала ойын жүргізушінің орнына тұрады.

«Не артық» №4

Максаты:

Максаты: Балаларды суретке қарап, оларды
топтастыруға үйрету.

Суретте тұрған артық затты таба білу, сипаттама беру.

Көрнекіліктер: Әр түрлі бейнеленген суреттер.

Ойын барысы:

Үлгідегідей әр түрлі берілген суреттерден не артық екенін табады.

Берілген суреттерді топтастырып, оларды жалпы атауын айтады.

Неліктен артық екенін түсіндіреді.

Жеке мен жалпы ұғым туралы түсініктерін бекітеді.



«Сықырлы қапшық» №5

Мақсаты:

Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.

Ойынның құрал-жабдықтары:
түсі, өлшемі, пішіні бойынша
әр түрлі ойыншықтар.

Шарты:

Балалар «Сықырлы қапшықтың»
ішіндегі затты ұстап көріп,
пішінін анықтайды,
ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.

«Ойыншықтардың көлеңкесін тап» №6

Мақсаты:

Балаларды әр ойыншықтың көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. тілдерін дамыту.

Ойыншықтарды сипаттап, күтіп,
ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Көрнелік құралдар:

Ойыншықтардың суреттері, көлеңкенің суреттері.



«Мекендейтін орнын тап» №7

Мақсаты:

Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту.
Тез ойлау қабілетін, белсенділігін артыру.

Көрнекіліктер:

Орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы
бос тор көздер, тиісті жануарлар.

Ойынның барысы:

Ойыншылар екі топқа бөлініп, әртүрлі табиғат көрінісі
салынған бір-бір үлкен картадан алады.

Жүргізушінің белгісі бойынша
балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі
карточкаларды үлкен картадағы салынған
сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады.
Бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атау.

«Үй құстары-менің достарым» №8

Мақсаты: үй құстарын атау.

Олардың адамға келтіретін пайдасы туралы
түсініктерін қалыптастыру.

Үй құстарына деген қамқорлық сезімін ояту.

Табиғаттың жаршысы - құстарды, қорғауға, аялауға
қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Үй құстарының суреттері.





«Қай жануардың төлі» №9

Мақсаты:

Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға,
олардың қимылын, қалай
дыбыстайтынын және дене мүшелерін дұрыс
атауға, оларды қорғай білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер:

Үй жануарларының, төлдердің суреті.

Ойын барысы:

Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі,
олардың қалай аталатынын, қалай дыбыстайтынын,
қалай күтуге болатынын айтқызады.
Сонымен бірге дене мүшелерін де атап,
үй жануарлары туралы жұмбақтар жасыру.

«Түстері бойынша ажырат» №10


Мақсаты:

Түстерді ажыратуға жаттықтыру, ойлау қабілеттерін, қабылдау,
ес, зейін процесстерін және қол мен саусақ ұштарының қимылдарын
және сенсомоторлық кеңістік «көз-қол» үйлесімдігін дамыту.

Барысы:

Тәрбиеші балалардың алдына 3 түрлі түсті (қызыл, сары, көк)
жәшік қояды және алдарына алмаларды шашады
олар түстері бойынша алмаларды ішіне салулары тиіс.





«Допты ұста допты домалата» №11

Мақсаты:

Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту

Шарты:

Балаларға әртүрлі түсті доптар немесе онша үлкен емес шағын шарлар беріледі де, оларды балалардан онша қашық емес жерге орналастырған жалаушаларға дейін домалатып жеткізген балаларды атап өтеді, тапсырманы дұрыс орындағаны үшін алғыс айтады, допты тағы да домалатуға мүмкіндік береді. Балалар допты бірнеше рет домалатқаннан кейін тәрбиеші оларды кәрзеңкеге жинауды ұсынады.

«Көліктерді ретімен орналастыр» №12

Мақсаты:

Балаларды көлік түрлерімен таныстыру. Жолда жүру ережелері туралы білімдерін толықтыру. Жолда жүрген кезде міндетті түрде ережені сақтауға тәрбиелеу. Көліктердің пайдасы және зияды жақтарымен таныстыру.

Шарты:

Үстелде ойыншықтар: Үлкен, орташа, кішкентай машиналар. Не үшін бұлай орналастырғанын балалардан сұрайды.





**Сюжеттік-рөлдік
ойындар
картотекасы**

**Ортаңғы топ
(3 – 4) жас**





«Куыршақтарға арнап дастархан әзірлейік» №1

Мақсаты:

Балаларды дастарханды дұрыс, мәдениетті әзірлеуді үйрету. Үстел жаюға арналған заттардың атын атату. Этика (әдеп) ережелерімен таныстыру: қонақтарды қарсы алу, сыйлықтарды қабылдау, үстелге шақыру, дастарханда өзін-өзі ұстауы. Балалардың адамгершілік тәрбиелерін қалыптастыру. Достық қарым-қатынастарын жетілдіру.

Ойынның барысы:

Тәрбиеші топқа әдемі киінген куыршақпен кіреді. Балалар куыршаққа карап, оның киімдерін жеке-жеке атайды.

Тәрбиеші балаларға куыршақтың мерекелік дастарханын әзірлеуге көмектесуін ұсынады. (Куыршақтың жиһаздары мен ыдыстары қолданылады.)

Тәрбиеші балалармен бірге қызметтердің кезендерін орындайды (қол жуу, дастарханды үстелге жаю, үстелдің ортасына гүлі бар ваза қою, нан салатын ыдысты және сүлгі салатын ыдысты қою, шыны мен тарелкаларды дайындау, олардың қасына қасық, шанышқы, пышақты орналастыру).

Содан кейін қонақтарды қарсы алу кезеңі орындалады.

Балалар куыршақтарды орындарына отырғызады.





“Аурухана” №2

Мақсаты: Ақ халатты абзал жандардың игілікті еңбегіне деген балалардың сүйіспеншіліктерін арттыру. Дәрігердің сезімталдығы, кішіпейілділігі, қамқорлығы сияқты қасиеттерін жете түсіндіру. Ойынға тәрбиешінің қалай басшылық жасайтынын нақты мысалдармен көрсете білу.

Құрал-жабдықтар: ойыншық дәріханасының жабдықтары.

Ойын ережесі: Балаларды рөлдерге дұрыс бөлу, ойынды өз мәнінде өрбіте білу. Ойын басталмас бұрын рөлдер тағайындалады: мысалы, «Дәрігер» - Тамирлан, «Медбике» - Аймен, «ауру бала» - қуыршақ, «ауру баланың шешесі» - Камила, «Әжесі» - Қорлан т.б.

Ойын барысы: Шешесі ауру баласын дәрігерге әкеледі. Тамирлан үндемей, градусникті қойды да, балаңыз «баспамен» ауырып қалыпты деп, дәрінің аты жазылған рецепт қағазын ұсынады. «Шешесі» баласын ертіп кетуге ыңғайланады. Міне, осы сәтте тәрбиеші ойынға араласады да, балалардың ойын кезіндегі жіберген кемшіліктерін түзетуге бағытталған сұраулар береді.

Тәрбиеші: Балаңыздың қай жері ауырады, денесі ыстық па?

Камила: Денесі ыстық, жөтеледі.

Тәрбиеші: Қашан ауырды?

Камила: Кеше түннен бері.

Тәрбиеші: Тамағы ауыра ма?

Камила: Білмеймін.

Тәрбиеші: Қане, аузыңды ашып көрсетсең ғой ден, айнаделімен тамағың қандай. Тамағы қытармаған, жақсы екен.





«Дүкен» № 3

Мақсаты : Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайылыққа, ізгілікке, адалдыққа баулу.

Ойын ережесі: Бұл ойында әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру. Балаларды рөлдерге бөлу: 2-бала сатушы, 1-бала кассир, қалғандары тұтынушылар.

Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпау керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы келіп тұрыңыз», - деп ілттипат білдіреді.

Ойын барысы: Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш болады. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын (тақтайшаны) төлейді, не алғысы келгенін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Маған «жасыл машинаны» немесе «қызыл көйлекті қуыршақты беріңіз» - дейді.

Сатушы «алыңыз», - деп әпереді. Сатып алушы «рахмет», - деп жауап береді. Міне, осылайша ойынды әр жолы түрлендіріп, өрбітіп ойната беруге болады. Тәрбиенің ойында жалпы бағдарлық жасайды. Егер баланы өз мәнінде ойнай алмай жатса, көзектеседі.





«Мен жүргізушімін» №4

Мақсаты: балаларда кеңейту жүргізуші мамандығы туралы идеялар, рөлдік диалог құру, рөлдік сөйлеу, ойындағы шығармашылық, үшін нақты заттарды пайдалану

Ойын материалы: автокөлік жөндеу құралдары, жанармай бекеті баған, құрылыс материалы, руль, канистр, еліктеуге арналған шланг автокөлікке бензин, шүберекпен шелек, билеттер, ақша,

Ойын рөлдері: такси жүргізушісі, автобус жүргізушісі, кондуктор, жолаушылар, жүк көлігінің жүргізушісі, механик, цистерна, полиция қызметкері (инспектор)

Ойын әрекеттері: Такси жүргізушісі жолаушыларды орынға жеткізеді, жол ақысы алады, жолаушыларға күтім жасау, жүк салуға көмектеседі. Жүк көлігінің жүргізушісі жүкті тиейді және түсіреді.

Автобус жүргізушісі автобусты басқарады, рульді бұрады, белгі береді, проблемаларды шешеді, аялдамалар жасайды, оларды хабарлайды. Кондуктор билеттерді сатады, билеттерді тексереді, тәртіпті сақтайды автобус ішінде, жолаушылардың түсу қай жерде ыңғайлы екендігі туралы сұрақтарына жауап береді.

Жолаушылар автобусқа отырады, билет сатып алады, аялдамадан түседі, ақсақалдарға, балалары бар жолаушыларға жол беріңіз, олардың шығуына көмектесіңіз автобус, қозғамдық көлікте жүру ережелерін сақтау, Механик жөндеу жұмыстарын жүргізеді, машинаның күйін тексереді. Танкист шлангты салады, бензин құяды, ақшаны алады. Полицей (жол полициясының инспекторы) жол қозғалысын тексеруді реттейді қиысаттар, жол ережелерін сақталуын бақылайды.





«Шаштараз» № 5

Мақсаты: шаштаразбен таныстыру, қабілетін дамыту рөлдік өзара әрекеттесу, «клиенттермен» қарым-қатынас мәдениеті

Ойын материалы: айна, атрибуттарды сақтау шкафы, әр түрлі тарақ, бөтелке, бұйралағыш, шашқа арналған лак, қайшы, фен,

Алдын ала жұмыс: «Бізге шаштараздар неге керек» әңгімесі.

Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау мәдениеті туралы этикалық әңгіме.

Ойнайтын рөлдер: шаштараздар аналар, әкелер, олардың балалары.

Ойын әрекеттері:

Клиентке шапан жауып, шашын бояйды, шашты жуады, сүлгімен сүртеді, шашты фенмен, лактармен кептіреді, өру тоқу, түйреуішті түйреу, күтім жасау бойынша ұсыныстар беру

Ерлер бөлмесінің шаштаразы шаштарын жуады, шаштарын кептіргішпен кептіреді, айнаға қараңыз, одеколонмен сергітеді.

Клиенттер сыпайылықпен амандасады, кезекте тұрады – қарастырыңыз әр түрлі шаш үлгілері бар альбомдар, журналдарды оқи алады, консультация, ақша төлеу,

қызметтер үшін рахмет айту.

Тазалық ханым сыпырады, шаңды сүртеді, еденді сүртеді, қолданылған өзгерістерді жасайды





«Хайуанаттар багы» №6

Мақсаты: балалардың жабайы жануарлар, олардың әдеттері, өмір салты, тамақтануы туралы білімдерін кеңейту, сүйіспеншілікке, жануарларға деген адамгершілік қарым-қатынасқа тәрбиелеу, балалардың сөздік қорын кеңейту.

Құрал-жабдықтар: балаларға таныс ойыншық жабайы аңдар, торлар (құрылыс материалынан жасалған), билеттер, ақша, кассалар.

Ойын барысы: мұғалім балаларға хайуанаттар багының қалаға келгендігі туралы хабарлайды және сол жерге баруды ұсынады. Балалар билеттерді кассадан сатып алып, хайуанаттар багына барады. Онда олар жануарларға қарап, қайда тұратындығын, не жейтінін айтады. Ойын барысында балалардың назарын жануарларды қалай ұстауға, оларды қалай күтуге аудару керек.





«Қуыршақты ұйықтатамыз» № 7

Қажетті атрибуттар: қазақы бесік, кереует, төсек — орын, қуыршақтың жыл мезгіліне қарай үйде жүргенде киетін киімі түгел болуы керек.

Ойын шарты: Тәрбиеші балаларды дөңгелете отырғызып, ақырын дауыспен сөйлейді. Қазір қуыршақ ұйықтайды, бәріміз сыбырлап қана сөйлейік. Сендер қарап отырыңдар. Мен қуыршақты шешіндіремін. Әуелі аяқ киімін, калготкиін, сосын көйлегін шешіп орндықтың арқасына әдемілеп қоямыз. Қуыршақты төсекке жатқызып, баяу дауыспен бәріміз «эй – әй, бөпем» өлеңін айтамыз.

Әй – әй бөпем, әй бөпем,

Ән айтайын, бал бөпем.

Ән тындағың келсе егер,

Және айтайын, жан көкем..

Бөпем менің ай мекен,

Шекер ме екен бал ма екен?

Ойнақтап бір бәйгеден,

Озып келер тай ма екен?

Әй – әй бөпем, әй бөпем,

Ұйықтадың ба, Бал бөпем..





«Отбасы» №8

Мақсаты: ұжымдық үй ұстау, отбасы бюджеті, отбасылық қатынастар, бірлескен бос уақытты өткізу туралы түсінік қалыптастыру, сүйіспеншілікке, отбасы мүшелеріне деген мейірімділікке, қамқорлыққа, олардың қызметіне қызығушылыққа тәрбиелеу.

Құрал-жабдықтар: отбасымен ойнауға қажетті барлық ойыншықтар: қуыршақтар, жиһаз, ыдыс-аяқ, заттар және т.б.

Ойынның барысы: Педагог балаларды «отбасымен ойнауға» шақырады. Рөлдер қалау бойынша тағайындалады.

Отбасы өте үлкен, әжесінің туған күні болады. Барлығы демалысты ұйымдастырумен айналысады. Отбасының кейбір мүшелері азық-түлік сатып алады, басқалары мерекелік түскі ас дайындайды, дастархан жаяды, қалғандары ойын-сауық бағдарламасы дайындайды.

Ойын барысында сіз отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынасты қадағалап, оларға уақытында көмектесуіңіз керек.



«Пошта» №9

Мақсаты: Балалардың пошта қызметкерлерінің жұмысы туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың корреспонденцияны қалай жіберу және алу туралы түсініктерін кеңейту.

Ойын материалы: сәлемдемелер жіберуге және алуға арналған кесте, пошта жәшігі, пошташының сөмкесі, қағаз салынған конверттер, мәртабандар, ашық хаттар, сәлемдемелерге арналған қораптар, балалар журналдары мен газеттері, автокөлік.

Алдын ала жұмыс: Поштаға экскурсия, хат-хабарлардың түсуін бақылау, пошта жөнелту. Байланыстың әртүрлі түрлері туралы әңгімелер: пошта, телеграф, телефон, интернет, радио.

Ойын әрекеттері: Пошташы хаттарды, газеттерді, журналдарды, ашық хаттарды почтадан алады; оларды мекен-жайға жеткізеді; хат-хабарларды пошта жәшігіне шығарады.

Келуші хаттар, ашық хаттар, сәлемдемелер жібереді, оларды орайды; конверттер, газет-журналдар, ашық хаттар сатып алады; қоғамдық орында өзін-өзі ұстау ережелерін сақтайды; кезек алады; хаттар, газет-журналдар, ашық хаттар, сәлемдемелер алады. Ресивер келушілерге қызмет көрсетеді; сәлемдемелерді қабылдайды; газет, журнал сатады.

Сұрыптаушы хаттарды, газеттерді, журналдарды, сәлемдемелерді сұрыптайды, оларға мөр басады; жүргізушіге қайда бару керектігін түсіндіреді (теміржолға, әуежайға ...).

Жүргізуші пошта жәшігінен хаттар мен ашық хаттарды шығарады; жаңа газет-журналдарды, ашық хаттарды, хаттарды поштаға жеткізеді; сәлемдемелер әкеледі; хаттар мен сәлемдемелерді почта машиналары арқылы пойыздарға, ұшақтарға және кемелерге жеткізеді.





«Балабақша» №10

Мақсаты: бүлдіршіндердің балабақшаның мақсаты туралы, тәрбиеші, бала күтуші, аспаз, музыка қызметкері туралы білімдерін кеңейту, балаларды ересектердің іс-әрекетіне еліктеуге талпындыру, олардың тәрбиеленушілеріне қамқорлық жасау.

Құрал-жабдықтар: балабақшада ойнауға қажетті барлық ойыншықтар.

Ойын барысы: тәрбиеші балаларды балабақшада ойнауға шақырады. Қаласаңыз, біз балаларды тәрбиеші, күтуші, музыка жетекшісі рөлдеріне бөлеміз. Қуыршақтар мен жануарлар оқушы рөлін атқарады. Ойын барысында олар балалармен қарым-қатынасты бақылайды, қиын жағдайдан шығу жолын табуға көмектеседі.

